

¹ Каримова З.К.  ² Алтынбек А.А. 

^{1,2} ҚР БЖҒМ «Тұран» Университеті, Алматы Қазақстан,
E-mail: ¹ z.karimova@turan-edu.kz, ² a.altynbek@turan-edu.kz

ХІХ ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ ЖӘНЕ ХХ ҒАСЫРДАҒЫ ҚЫТАЙДАН ҚАЗАҚСТАНҒА ҚОНЫС АУДАРУ: ДЕРЕКТАНУЛЫҚ ЖӘНЕ ТАРИХНАМАЛЫҚ ТАЛДАУ

Аңдатпа. Көші-қон мәселесі тарих ғылымында әрқашан өзекті болып қала береді, өйткені халықтардың үлкен тобының қозғалысы мемлекеттердің саяси және экономикалық негіздеріне тікелей әсер етеді. Қытайдан Қазақстанға көшу тарихы бір жарым ғасырға жуық уақыт аралығын қамтиды және Орталық Азиядағы этнодемографиялық процестерді зерттеудің маңызды тақырыптарының бірі болып табылады. Дегенмен, Орталық Азияны мекендеген халықтардың аймақтық, немесе аймақтан тыс көшу процестерінің тарихы оданда терең екені белгілі. Мақалада Орталық Азия құрамындағы көрші орналасқан Қазақстан мен Шығыс Түркістан жерлерінің Ресей және Цин империялары тарапынан отарланып, шекара бекітілгеннен кейін басталған және қазіргі уақытқа дейін жалғасып жатқан көшу қон мәселелері бойынша жүргізілген зерттеулерге талдау жасалады. Миграциялық үрдістерді жан-жақты зерттеу қазіргі кездегі трансшекаралық өзара әрекеттесу, аймақтың этникалық картасын қалыптастыру мәселесі және Қазақстан мен ҚХР қарым-қатынастарының саяси стратегиялары контекстінде ерекше маңызға ие. Сонымен қатар, Қытайдан Қазақстанға көшу тарихы Орталық Азиядағы этнодемографиялық және мәдени процестерді зерттеудегі өзекті тақырыптардың бірі. ХІХ–ХХ ғасырлардағы көші-қон ағындары аймақтың этникалық құрамына, әлеуметтік құрылымға және ұлтаралық қатынастарға айтарлықтай әсер етті. Дереккөздік және тарихнамалық талдау осы процестердің фактілік аспектілерін анықтауға ғана емес, сонымен қатар олардың әртүрлі тарихи кезеңдерде қалай түсіндірілетінін анықтауға мүмкіндік береді.

Алғыс: Мақала ҚР ҒЖБМ ҒК қаржыландыратын ЖТН АР19679244 «Қазақстан-Қытай қарым-қатынасындағы миграциялық фактор» ғылыми жобасын орындау аясында дайындалды.

Кілт сөздер: Орталық Азия, Қазақстан, Қытай, Ресей империясы, Цин империясы көші-қон үрдісі, деректану, тарихнама.

Кіріспе

ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдағы Орталық Азия тарихында орын алған ірі этнодемографиялық өзгерістердің бірі – Қытай аумағынан Қазақстан жеріне бағытталған көші-қон үдерісі болды. Бұл құбылыс саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени тұрғыдан алғанда аса күрделі, әрі көпқырлы сипатқа ие. ХІХ ғасырдың екінші жартысында Шығыс Түркістан (Шыңжаң) аймағында ұлт азаттық көтерілістер нәтижесінде құрылған тәуелсіз хандықтар Цин билігі тарапынан құлатылып, орталық биліктің жүргізген реформалары, аймақтағы әлеуметтік теңсіздік пен дәстүрлі шаруашылық жүйесінің дағдарысы жергілікті халықтардың көрші аймақ – Қазақстанның территориясына қарай қоныс аударуына ықпал етті. Бұл көші-қон толқыны Цин империясы мен Ресей империясы арасында шекара сызығы бекітілгеннен кейінгі алғашқы жаппай қоныс аудару болып есептеледі. Бұл кезең Қазақ жерлерінің Ресей империясы тарапынан толық жаулап алынып, өлкеде отарлау саясатының күшейген, саяси-экономикалық ахуал күрделі және халықтың әлеуметтік жағдайы қиындаған уақытқа сәйкес келді. Ежелгі дәуірлерден бір тұтас тарихи-мәдени орта құрған жергілікті

халықтар аймақта қалыптасқан геосаяси өзгерістерге байланысты жаңадан бекітілген шекараның арғы немесе бергі жағына тоқтаусыз ағылды. Ары қарай орын алған көш-қон үрдістері тікелей екі отарлаушы империяның жүргізген саясатына байланысты дамып отырды. Нәтижесінде, Қазақстанға бағыт алған көші-қон толқындары аймақтың демографиялық құрамына, шаруашылық-экономикалық құрылымына және этносаралық байланыстарына айтарлықтай әсер етті.

Қытайдан Қазақстанға бағытталған көші-қон мәселесі ғылыми айналымда кеңінен қарастырылып келе жатқанымен, тақырып тарихнамалық тұрғыдан толық зерттелмеді. Бұл мәселе бойынша кеңестік кезеңдегі зерттеулерде идеологиялық шектеулер орын алса, тәуелсіздік жылдарында жаңа мұрағаттық деректер мен шетелдік зерттеулерге сүйенген тың тұжырымдар жасалды. Сонымен қатар, орыс және батыс дереккөздеріндегі еңбектерді салыстырмалы тұрғыдан талдау мәселенің жан-жақты зерделенуіне мүмкіндік береді.

Осы тұрғыдан алғанда, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдағы Қытайдан Қазақстанға қоныс аудару үдерісінің тарихнамалық талдауын жасау – көші-қон тарихының теориялық-методологиялық негіздерін айқындауға, деректік базаны жүйелеуге

және зерттеулердің негізгі бағыттары мен ғылыми нәтижелерін саралауға мүмкіндік береді.

Зерттеу материалдары мен әдістері

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдағы Қытайдан Қазақстанға бағытталған көші-қон үдерісін зерттеу тарихнамасы күрделі әрі көпқырлы сипатқа ие. Бұл мәселені зерделеуде қолданылатын методологиялық тәсілдер тарих ғылымының жалпы даму бағытымен, деректік қордың ерекшелігіне тікелей байланысты. Зерттеудің әдіснамалық негізін жалпы ғылыми (талдау, саралау) және арнайы тарихи зерттеу әдістері құрады. Солардың бірі – салыстырмалы талдау әдісі. Бұл әдіс арқылы көші-қон үдерісінің алғышарттары мен себептері қарастырылады. Цин империясы мен Ресей империясының отарлық саясаты, жүргізген реформалары, әлеуметтік-экономикалық дағдарыстар мен этносаралық қатынастарды зерттеу осы тұрғыдан маңызды. Тарихи-салыстырмалы әдіс қазақтар, ұйғырлар мен дүнгендердің көші-қон себептерін салыстыру арқылы ортақ және ерекше факторларды айқындайды. Сонымен бірге, отандық, орыс және батыс тарихшыларының еңбектеріндегі мәліметтер мен ұстанымдарының айырмашылығы салыстырмалы тұрғыдан талданады. Келесі әдіс - деректік талдау әдісі. Көші-қон мәселесін зерттеуде Ресей империясының мұрағат материалдары (әкімшілік есептер, статистика, әскери-шекаралық құжаттар) және жергілікті халық арасынан шыққан, көшу үдерісін тікелей басынан өткізген тарихшылардың шығармалары маңызды рөл атқарады. Тарихи-кезеңдеу әдісі көші-қон құбылысын жалпы миграциялық процестер контекстінде қарастырып, себептері мен уақытына байланысты кезеңдерге бөлу арқылы зерделейді. Мысалы, Қытайдан Қазақстанға халықтардың қоныс аударуын XIX ғасырдың екінші жартысы, XX ғасырдың басы, 1950-1970 жылдардағы және тәуелсіздік кезеңіндегі көші-қон, сияқты бір неше кезеңге бөліп қарастыруға болады. Тәуелсіздік кезеңіндегі тақырыпқа қатысты жаңа методологиялық бағыттар қатарын қазіргі кездегі зерттеулерде кеңінен пайдаланыла бастаған ұлттық тарихнамадағы репатриация тұжырымдамасы, диаспоратану мен этнотұтастылық теориясы және ғаламдық миграциялық теориялар толықтырады. Бұл әдістер қазақтардың тарихи отанына қайта оралу үдерісін кең ауқымда түсінуге мүмкіндік береді. Методологиялық тұрғыдан алғанда, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдағы Қытайдан Қазақстанға қоныс аудару үдерісін зерттеу үшін кешенді, салыстырмалы және пәнаралық әдістерді қолдану қажет. Дәстүрлі дереккөздер мен жаңа мұрағат материалдарын салыстыра отырып, көші-қон үрдісінің тарихи динамикасын ұлттық саясат контекстінде және этнодемографиялық өзгерістер тұрғысынан қарастыру ғылыми негізді тұжырым жасауға мүмкіндік береді.

Талқылау және зерттеудің нәтижелері

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдағы Қытайдан Қазақстанға қоныс аудару үдерісі Орталық Азия халықтарының этникалық тарихындағы аса маңызды әрі күрделі құбылыстардың бірі болып табылады. Бұл көші-қон толқындары аймақтың геосаяси жағдайымен, Ресей империясы мен Цинь әулетінің, кейінірек, Кеңес Одағы мен Қытай Халық Республикасының саяси қатынастармен тікелей байланысты болды.

XIX ғасырдың екінші жартысында Шығыс Түркістанда халық көтерілістерінің нәтижесінде тәуелсіз мұсылман хандықтарының пайда болуы осы аймақта өзіндік саяси және экономикалық мүдделері бар бірқатар алпауыт мемлекеттерді қатты алаңдатты (Гуревич, 1983). Патшалық Ресейдің үкіметтік орталарында Шығыс Түркістанда жергілікті халықтардың ұлт азаттық көтерілістері нәтижесінде тәуелсіздігін орнатып, билікті қолға алуы, Ресей империясының жаулап алушылық саясаты әлі аяқталмаған Түркістан өлкесінің батыс бөлігіне үлкен қауіп төндіреді, деп есептеді. Цин империясы өзінің ішкі қиындықтарына байланысты аймақты бақылауынан шығарып, биліктен толықтай айрылды. Ежелгі дәуірлерден бір-бірімен тығыз байланыста өмір сүріп, біртұтас тарихи-мәдени кеңістік қалыптастырған түркі халықтары, аймақта болып жатқан тарихи-саяси оқиғалардың барлығына дерлік бірлесе қатысып, Шығыс Түркістан халықтарының азаттық көтерілістерінде шекараның бергі жағындағы Батыс Түркістанның қазақ, қырғыз, өзбек халықтары да белсенділік танытты. Бұл туралы Жетісу өңірінің әскери губернаторының құрамындағы Құлжа істері жөніндегі кеңсенің меңгерушісі қызметін атқарған Н.Аристов, - «Шу өзені алқабындағы қырғыздардың (қазақтар) - байжігіт, қизай, суан, атабан, бугин, тіпті сарыбай рулары Чугучак пен Құлжада көтеріліс басталуымен бірден мұсылман бауырларына көмектесу ниетімен шет елге аттанды. 1864-1865 жылдардың қыс айларында шекараға жақын жерлерге орналасқан қазақтар біздің әскери отрядтарымыздың шекараны жазда ғана қорғайтынынан пайдаланып, көтерілісшілерге қосылып кеткен. Тек шекараға жақын орналасқандары ғана емес, қырғыздардың түгел дерлік қалың бұқарасы, тіптен осы уақытқа дейін бізге адал, сенімді болып көрінгендері де, көтеріліске анық түсіністік танытып, көтерілісшілермен жасырын байланыс орнатып, қыста мал жайылымының жоқтығынан көшіп-қону мүмкін болмағанына қарамай, көтерілісшілерге қосылып кететіні сөзсіз. Олар ұйғырлар мен дүнгендердің көтерілісіне белсене қатысып, азық-түлік жағынан да айтарлықтай көмек көрсетті», деп жазады (Аристов, 1873). Бұған қоса, Қашғарияда тәуелсіз Жетішар мемлекетін құрған Йақұп бек Музарт асуының оңтүстік беткейі мен дүнген хандығының орталығы Үрімжіні өз әскерлерімен басып алып, Іле хандығының басшысыларына бірігу туралы ұсыныс жасап, елші жіберді (Сайрамы, 1989). Осман империясы мен Ұлыбритания үкіметінің қолдауымен хандығының территориясын қарқынды түрде кеңейте бастаған Йақұп бектің әрекеті Ресей патша билігін тез шешім қабылдауға итермеледі. Нәтижесінде, патша үкіметі 1871 жылдың 10 ақпаны мен 2 мамырындағы арнайы мәжілістерінде Жоңғария мен Қашғария арасындағы маңызды стратегиялық позиция болған Құлжа аймағын басып алу туралы шешім қабылдады. Әскери қимылдардың басталуына 1870 жылдың аяғында қызай руынан шыққан қазақтардың Құлжаға қоныс аудару әрекеті мен 1871 жылы сәуірде қызай елінің сұлтаны Тазабектің Құлжаға қашуы себеп болды. Сөйтіп, Ресей империясы 1871 жылы маусымда Цинь әкімшілігі құлатылғаннан кейін Тараншы сұлтандығының билігі орнаған Іле аймағын басып алып, одан кейінгі 10 жыл бойы құзырында ұстады. Алайда, мерзім біткен соң аймақты Қытайға қайтару жөнінде келіссөздер басталды. 1881 жылы екі империя арасында Петербург бітім шарты жасалып, Іле аймағын мекендеген ұйғырлар, қазақтар мен дүнгендер Жетісу өлкесінің аумағына қоныс аудару құқығына ие болды.

1881 жылдың жазында Ресей билігі Іле аймағының тұрғындарына Петербург келісімінің шарттарын жариялап, 1881 жылдың тамыз айынан желтоқсан айына дейін арнайы комиссиялар Ресей азаматтығын алып, оның шекарасына көшуді қалайтын адамдардың санын анықтау мақсатында өңірдеі зерттеп, халық санағын жүргізді. 1365 ұйғыр отбасы, 1308 дүнген

отбасы және барлық қазақтар көшуге ниет білдіргені белгілі болды (Баранова, Жандосов, 2006: 70-85). 1884 жылдың басына қарай Жетісуға 75 мың қазақ, 45373 ұйғыр және 4682 дүнгендер көшіп келді (Кабиров, 1951: 82). Бұл екі империя арасында шекара сызығы бекітілгеннен кейінгі халықтардың Қытайдан Қазақстанға алғашқы жаппай көші-қоны еді.

Қытайдан Қазақстанға қоныс аудару мәселелері әртүрлі елдердің зерттеушілерінің назарын аударды. Зерттеу жұмыстарына негіз болған дереккөздер кешенін мұрағаттық, нарративтік, статистикалық және ауызша деп бөлуге болады.

Мұрағат материалдары. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатында Қытайдан Қазақстанға көші-қон процестерін зерттеудің негізі кеңестік кезеңге дейінгі бірқатар қорлармен ұсынылған. Жетісу облысы әскери губернаторының кеңсесінің құжаттары жинақталған 44-қорда көші-қон ағынын реттеу, шекарадан өтуді бақылау, болыс басшыларымен хат алмасу және қоныс аударған топтардың саны туралы мәліметтер қамтылған. Іс қағаздарында дүнген және ұйғыр отбасыларын қабылдау, оларды Верный, Пішпек, Талдықорған маңында орналастыру туралы нақты материалдар, сондай-ақ жер пайдалану қақтығыстары туралы мәліметтер бар. 64 қорда маңызы ерекше Дала генерал-губернаторы кеңсесінің халықаралық шарттары мен мемлекетаралық келіссөздерге қатысты жалпы далалық маңызы жоғары құжаттары бар. Мысалы: 1 жинақ, 3062 құжатта Қытайдан жаппай «көші-қон» туралы, сондай-ақ 1881 жылғы Санкт-Петербург шартының талаптары бойынша субъектілердің азаматтық таңдау құқығы туралы орыс ведомстволарының түсіндірме жазбалары бар. Генерал-губернатор Г.А. Колпаковскийдің жеке құжаттары сақталған 825 қорда шекарадағы жағдай, ұйғырлар мен дүнгендердің көші-қон толқынына реакциясы, сондай-ақ жаңа көші-қон толқындарының алдын алу шаралары туралы соғыс министрімен және сыртқы істер министрлігімен хат-хабарлар жинақталған. Сондай-ақ, көші-қонның әлеуметтік-экономикалық себептері туралы аналитикалық жазбалар бар. 19 қор Жетісу облысының көші-қон істері басқармасы бастығының көшіп-қонушыларды жерге орналастыру және шаруашылық жұмыстарын жүргізуге арналған. Іс қағаздарында отырықшы дүнген және ұйғыр отбасыларының тізімдері, жер телімдерін бөлу жоспарлары, қоныс аударған болыстықтардың шаруашылық жағдайы туралы есептер жазылған.

Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағаты 1481 қоры, 16 жинақ, 3577 құжатта 1950–1970 жылдардағы азаматтардың ҚХР-дан Қазақстанға қайта көшуі туралы құжаттар, сондай-ақ репатрианттарды орналастыру жөніндегі мемлекеттік органдардың іс-әрекеттері туралы құжаттар бар.

Нарративті дереккөздер. Халықтардың Қытайдан Жетісуға жаппай қоныс аударуын сипаттайтын алғашқы еңбектер сол оқиғалардың тікелей куәгерлері және қатысушылары болған Шығыс Түркістандық авторлар тарапынан жазып қалдырған. Сондай еңбектердің бірі – Шығыс Түркістанда классикалық ұйғыр әдеби тілінде жазылған Сейіт Мұхаммед Қашидің «*Шархи шикасте наме*» атты тарихи еңбегі. Шығарманың нақты жазылған уақыты белгісіз, бірақ дереккөздің мәліметтерін ескере отырып, еңбек 1881 жылғы Петербург келісіміне қол қойылып, қоныс аударушылардың Жетісудың қай аймақтарына қоныс аударатыны нақты белгілі болған кезде, 1880 жылдардың бірінші жартысында жазылған, деп болжауға болады. «*Шархи шикасте намеде*» автор оларды көшуге итермелеген оқиғаларды, көшуінің себептерін, туған жері мен жақындарын қалдырып кеткен жандардың ішкі күйін жан-жақты баяндайды. Сондай-ақ, дереккөзде автор және оның жерлестерінің Шелек аймағына келіп қоныстанатыны туралы ақпарат бар. Шығармада айтылған Шелек атауы қазіргі Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданының Шелек ауылына сәйкес келеді. Шығарма қазіргі таңда Ресей Ғылым академиясы Шығыстану институтының Санкт-Петербург филиалы Қолжазбалар институтының қорында сақталған (Каший, Ш. С1929). Еңбекке әдеби шығарма деп баға берілсе де, автор сол оқиғаларға тікелей қатысып, өз басынан кешірген оқиғаларды сипаттағандықтан, көші-қон процессін зерттеуде құнды дереккөз қызметін атқара алады. Шығарманың қоныс аудару туралы мәліметтерін алғаш рет А. Идоятов «Іле ұйғырларының

Жетісуға қоныс аударуы туралы» еңбегін жазу барысында пайдаланған (Идояттов, 1959).

Көші-қон оқиғасының куәгері жазған тағы бір дереккөз «*Гулжаниң вақиәтләриниң баяни*» («Құлжада болған оқиғаларды баяндау») деп аталады. Шығарманың авторы Қасым бек деген кісі және ол да қоныстанушылардың қатарында болған. Автор көшуге себеп болған жағдайларға және қоныс аудару процесінің өзіне терең тоқталады. Шығарма араб графикасында ұйғыр тілінде жазылған. Ресей Ғылым академиясы Шығыстану институтының Санкт-Петербургтегі филиалының Қолжазбалар институтында сақтаулы (Касим бек, Ш.4018). Бірақ бұл еңбек А. Мугиновтың «Азия халықтары институтының ұйғыр қолжазбаларына сипаттама» деген белгілі еңбегіне енбей қалған. Еңбектің зерттеушілердің қалың тобына белгісіз болуының себебі осыған байланысты болса керек (Мугинов, 1962). Бірақ, кейінірек дереккөз туралы мәліметтерді белгілі деректанушы ғалым Л.В. Дмитриева кітабының «Шыңжаң қолжазбалары» деп аталған бөліміне кіргізген (Дмитриева, 2002). Дереккөздің ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы Құлжаның тарихы және мұсылмандардың қоныс аударуы туралы мәліметтерін америкалық ғалым Дэвид Брофи «Ұйғыр ұлты: Ресей-Қытай шекарасындағы реформа және революция» атты ағылшын тілінде жазылған кітабында талдап, ғылыми айналымға енгізген (Brophy, 2016).

Көші қон мәселелерін зерттеуде ХХ ғасырдың бірінші жартысында жазылған еңбектердің ішінде сол кезеңде өмір сүрген белгілі қоғам қайраткері Н. Абдусемятовтың «*Тараншылар тарихы*» атты тарихи очеркін атап өтуге болады. Шығарманың литографиялық мәтіні 1922 жылы Верный қаласында (Алматы) басып шығарылған. Қазіргі таңда Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясы Абу Райхан Беруни атындағы Шығыстану Институтының қол жазбалар қорында сақталған. Өлкетанушы ғалым ретінде танылған автор шығарманы сол оқиғаларға тікелей қатысқан адамдардың естеліктері және тарихи еңбектерге сүйене отырып жазған. Кітапта Іле ұйғырларының тарихы, тараншы атауының пайда болуына қатысты пікірлер, ұйғырлардың Жетісу өңіріне жаппай қоныс аударуы сипатталады (Абдусемятов, 1921).

1881-1883 жылдары Қытайдан Қазақстанға халықтардың жаппай қоныс аударуы мәселелері жергілікті тарихшылар мен империялық кезеңде өмір сүрген орыс зерттеушілерінің еңбектерінде де сипатталған. П.П. Румянцева (Румянцева, 1914), Д.Федоров (Федоров, 1903), И.Селицкий, Н.Аристовтардың жұмыстарында Қытайдан Жетісуға көші-қонның әртүрлі аспектілері қарастырылған. П.П. Румянцева көшіп-қону себептері, қоныс аударушылардың саны, олардың қызметі, т.б. статистикалық мәліметтер келтіру арқылы, қоныстануы тарихы бойынша толығырақ мәліметтерді берсе, Н. Аристов 1881-1883 жылдар аралығында Жетісуға 10201 отбасы, оның ішінде 47911 жан басы (Аристов, 168), И.Селицкий 11000 отбасы ((Селицкий, 1905)) қоныстандырылды, деп есептейді.

Кеңес үкіметі орнағаннан кейін халықтардың Қытайдан Қазақстанға қоныс аудару мәселесі ұзақ уақыт зерттеушілердің назарынан тыс қалды. Тек 1949 және 1950 жылдары ұйғырлардың Іле өңірінен Жетісуға қоныс аударуы туралы М. Кабиров (Кабиров 1949) пен М.Тұрғыновтар (Тұрғынов 1950) екі кандидаттық диссертация қорғады. Кейіннен М.Н. Кабиров диссертациялық жұмысының материалдары негізінде «Іле ұйғырларының Жетісуға қоныс аударуы» (Кабиров, 1951) деп аталған монографиясын жарыққа шығарды. Монографияда зерттеуші мұрағат материалдарымен революцияға дейінгі авторлардың еңбектерінің мәліметтеріне салыстырмалы талдау жүргізіп, мәселені жан-жақты зерттеуге тырысты. Алғаш рет ауыз әдебиеті үлгілеріне жүгініп, сол оқиғаларға арналған халық әндерінің мәліметтерін тарихи дерек ретінде пайдаланды.

1881-1883 жылдардағы ұйғырлар мен дүнгендердің Жетісуға көші-қоны тақырыбын қазақстандық ғалымдар Ю.Г.Баранова (Баранова, 1959) мен А. Идиятов (Идояттов, 1978) қозғады.

Қытайдан Қазақстанға халықтардың жаппай қоныстануының келесі толқыны 1950 жылдары басталды. ХХ ғасырдың ортасындағы Қытай мен Қазақстан арасындағы көші-қон

процестері негізінен Шығыс және Орталық Азиядағы ірі саяси өзгерістермен байланысты болды. 1949 жылы ҚХР-ның құрылуы, 1960 жылдардағы кеңес-қытай қатынастарының шиеленісуі, «мәдени революцияның» басталуы, Кеңес Үкіметінің тың игеру бағдарламасы көші-қонның жаңа толқындарының бағытын белгілеп берді. Осы кезеңде Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданынан (ШҰАР) Қазақ КСР-не этникалық қазақ, ұйғыр, дүнгендердің елеулі топтары және татарлар мен орыстар қоныс аударды.

1950-1970 жылдардағы Қытайдан Қазақстанға көші-қонды зерттеу салыстырмалы түрде кеш басталды. Кеңестік кезеңдегі идеологиялық бақылау жағдайына байланысты көші қон тақырыбы ғылыми әдебиеттерде іс жүзінде қарастырылмады. Бұқаралық ақпарат құралдарында қысқа жарияланымдар ғана беріліп тұрды және олар тек «кеңес азаматтарының өз еркімен оралуын» атап өтті. Тек Қазақстан тәуелсіздігіне қол жеткізгеннен кейін зерттеушілер бұрын құпия сақталған мұрағат құжаттарына қол жеткізіп, зерттеу жұмыстары жаңы тарихи тұжырымдамалар негізінде жүргізіле бастады.

Тақырыптың зерттелуіне белгілі қазақстандық тарихшы, тарих ғылымдарының докторы С.Б. Кожирова елеулі үлес қосты. Ғалымның еңбектерінде ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы ұйғырлар мен дүнгендердің қоныс аударуы, 1950 - 1970 жылдардағы қазақтар мен басқа да этностардың Қытайдан Қазақстанға жаппай көшіп-қонуы және қазіргі кездегі екі мемлекет арасындағы көші-қон мәселелері қамтылған. Зерттеуші еңбектерінде дүнген-ұйғыр көтерілістері мен 1881 жылғы Петербург келісімінен кейін халықтардың Іле өңірінен Жетісуға қоныс аударуын жан-жақты және бір неше кезеңге бөліп қарастырған. Көші-қонның тек саяси-этникалық емес, сонымен бірге әлеуметтік-экономикалық салдары да болғанын, Жетісуда жаңа егіншілік қоныстарының қалыптасуы мен өлкенің ауылшаруашылық құрылымының өзгеруіне де алып келгені туралы айтады (С. Кожирова, 2004). Сонымен қатар, ғалым өз еңбектерінде 1950-1960 жылдардағы көші-қонды да терең талқылап, бұл Қытайдан Қазақстанға жаппай қоныс аударудың екінші толқыны және оның деректері бойынша осы жолы Шыңжаңнан Қазақстанға шамамен 150 мыңнан астам адам көшіп келгенін алға сүреді (С. Кожирова, 2005, 2012). Ғалымның ең соңғы мақалаларының бірінде қазіргі кездегі Қытайдан Қазақстанға көші қонның ерекшеліктері, түрлер, статистикалық мәліметтер мен әлеуметтік сауалнама нәтижелері қамтылған (Батырбаев, Кожирова, 2025: 88-104).

Қазақстан мен Қытай арасындағы мемлекетаралық миграцияны зерттеуге қазақстандық тарихшылардың Г.Мендіқұлова мен Б.Атантаева өз үлесін қосып, 2008 «1860-1960 жылдардағы Қазақстан мен Қытай арасындағы көші-қон тарихы» еңбегін жарыққа шығарды (Мендикулова, Атантаева, 2008). Онда мұрағаттық және статистикалық материалдар негізінде қазақстандық тарихнамада тұңғыш рет революцияға дейінгі және кеңестік кезеңдегі қазақ-қытай мемлекетаралық көші-қон тарихы қайта жаңғыртылды. Кітап авторлары 1881-1883 жылдардағы бірінші ауқымды көші-қонды да, 1950-1960 жылдардағы қазақ, ұйғыр және басқа да халықтардың Шыңжаңдан екінші жаппай көшуін де жан-жақты сипаттайды.

Қытайдан Қазақстанға көші-қон процестерін зерттеуде қазақстандық ғалым А.К. Камаловтың еңбектерінің маңызы зор. Зерттеуші көші-қон үрдісінің алғышарттарын қарастыру барысында 1950-1970 жылдардағы көші-қонның негізінде экономикалық қажеттіліктермен қатар (мал үшін жайылымды жер іздеу, отбасы мүшелерінің қосылуы, саудасатық және т.б.), оның алдында Ресей, кейінірек КСРО аумағында болған саяси қақтығыстар да (1916 ж. ұлт азаттық көтеріліс, азаматтық соғыс, ашаршылық, үшін үлкен маңызға ие болған) тұрғанын айтады. Қазақстан мен Қытай арасындағы миграциялық толқындар, бірде Жетісудан Шыңжаңға, бірде керісінше Қытайдан Қазақстанға бағыт алып отырған (Камалов, 2021: 144-152).

1950-1970 жылдардағы Қытайдан көші-қонды жаңа ауызша тарих тәсілімен зерттеуге байланысты тәжірибе У.Кларк пен А. Камаловтың мақаласымен ашылды. Онда алғаш 1950-1970 жылдар аралығында Қазақстанға Қытайдан көшіп келіп, осы жерде тұрақтап қалған мигранттардың ауызша мәліметтері тарихи дерек ретінде пайдаланылды. Бұл әдіс көші-қон

процестерін мигранттардың жеке естеліктері мен тәжірибелері арқылы тереңірек зерттеуге мүмкіндік береді. Әртүрлі ұлттардан (қазақ, ұйғыр, дүнген, татар, орыс) құралған мигранттардың ауызша әңгімелері мен мұрағаттық деректерді салыстырмалы талдау көші-қон процесінің толық сипаттамасын жасауға, көші-қонның себептерін, барысы мен салдарын анықтауға мүмкіндік берді (Кларк, Камалов, 2004: 167-182). 2022 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің гранттық жобасы аясында «1950-1970 жылдардағы Қытайдан Қазақстанға қоныс аударудың ауызша тарихы» атты ұжымдық монография жарық көрді, онда қазақ, ұйғыр, дүнген, татар және орыстардың Қытайдан Қазақстанға қоныс аударуының көптеген мәселелері жан-жақты сипатталған (Камалов, 2021, 2022).

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған 1991 жылдан бастап Қытайдан Қазақстанға қоныс аудару процесі күшейді. Зерттеуші Е.Ю. Садовскаяның мәліметінше 1993-1994 жылдар аралығында елге оралғысы келетін қазақтардың саны күрт көбейген. Сонымен қатар, Қазақстанға сауда сатық, білім алу т.б. мақсатта келген ұйғыр, хань (қытай), дүнген ұлтынан болған қытайлықтар да бар. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары Алматының өзінде тұрақты өмір сүрген қытайлық саудагердің саны 40-50 мыңға жуық (Садовская, 2008). Ғалымның монография және ғылыми мақалалары қазіргі кездегі Қытайдан Қазақстанға көшу үдерістерін зерттеуде үлкен маңызға ие. Автор посткеңестік кезеңдегі көші-қонның жаңа нысандары мен түрлерін қарастырып, қоныс аударушылардың этникалық құрылымы туралы құнды деректерді ұсынады (Садовская, 2001: 103).

Қазақтардың, ұйғырлардың және дүнгендердің Қытайдан Жетісуға қоныс аударуы туралы ең соңғы зерттеулердің бірі - Д.В.Васильев пен С.А. Асанованың ғылыми мақаласы. Мақалада 1860-1880 жылдардағы Қытай қол астындағы халықтардың Шыңжаң территориясынан қоныс аудару тарихы, Ресей әкімшілігінің жаңа қоныстанған жерлерінің жағдайына бейімделуге бағытталған шаралар, әлеуметтік-саяси және экономикалық ахуалды қарастырады. (Васильев, Асанова, 2023).

Батыс елдерінің академиялық орталарында Қытайдан Қазақстанға және жалпы Орталық Азияға қоныс аудару үдерістерін бірнеше негізгі бағытта қарастыру қалыптасты:

Джеймс Миллвардтың еңбектерінде Цин империясының Шыңжаңдағы саясаты, қазақтармен және көрші халықтармен байланыстары жан-жақты сипатталған (Millward, 2021). Ол Іле, Тарбағатай аймақтарындағы сауда мен дипломатиялық қатынастардың көші-қонға ықпалын көрсетеді. Линда Бенсон 1944–1949 жж. Іле көтерілісін қарастырып, саяси тұрақсыздықтың қазақтар мен ұйғырлардың Қазақстанға қоныс аударуына алғышарт болғанын дәлелдейді. Линда Бенсон мен Ингвар Свандбергтің *China's Last Nomads* еңбегінде Қытайдағы қазақтардың мәдени-әлеуметтік өмірі, олардың Қазақстанмен тарихи байланыстары мен көші-қон бағыттары сипатталған (Бенсон, Свандберг, 1997). Батыс зерттеушілері көбіне халықаралық қатынастар, этносаяси факторлар мен ұлттық қозғалыстарды алдыңғы орынға қояды.

Қытайдан Қазақстанға көші-қон тақырыбын зерттеуде шет елдік ғалымдардан Джавахарлал Неру атындағы Кашмир университетінің доценті Хамит Расулдың еңбектерін атап өтуге болады. Автор бұл бағыттағы көші қонның мемлекеттің қауыпсыздігіне әсер етуі мүмкін үш түрін айқындауға тырысады. Биріншісі, заңсыз еңбек және сауда миграциясы, екіншісі, шекараны заңсыз кесіп өту, үшіншісі, сепаратистік бағыттағы топтардың миграциясы (Hamid Rasool, 2020).

Қорытынды

Қытайдан Қазақстанға көші-қон үрдістері отандық және шетелдік зерттеушілер тарапынан айтарлықтай қарастырылғанына қарамастан, күрделі және терең талқылауды, жан-жақты зерттеуді талап ететін өзекті мәселелері әлі де жеткілікті. Екі мемлекет арасындағы көші қон үрдісінің саяси-экономикалық жағдайға әсерін түсіну үшін міндетті түрде оның

тарихи алғышарттары мен аймақтың геосаяси ерекшеліктерін ескерген жөн. Сонымен қатар, тақырып тарихи тұрғыдан да, деректанулық және тарихнамалық тұрғыдан да айрықша маңызды зерттеу нысаны болып табылады. Бұл көші-қон қозғалысының астарында саяси тұрақсыздық, халықаралық қатынастардағы өзгерістер, отарлау саясаты, әлеуметтік-экономикалық дағдарыстар және этнодемографиялық факторлар тоғысады. Аймақты мекендеген халықтар үшін ол этникалық тұтастық, мәдени-рухани бірлікті сақтап қалуда маңызды.

Деректанулық талдау көрсеткендей, көші-қон тарихын зерттеу барысында пайдаланылған дереккөздері әр алуан. Ең алдымен, Ресей империясының әкімшілік органдары жүргізген есептер мен ресми құжаттар ерекше орын алады. Олар қоныс аударушылардың саны, әлеуметтік құрамы, шаруашылық ерекшеліктері жөнінде нақты мәлімет береді. Сонымен бірге, ауыз әдебиеті үлгілері мен көзі тірі куәгерлердің естеліктері бұл үдерісті халықтың тарихи жадында қалай сақталғанын көрсетеді. Осылайша, әртүрлі дерек топтарын кешенді түрде талдау ғана мәселенің жан-жақты қырларын ашуға мүмкіндік береді.

Тарихнамалық тұрғыдан алғанда, көші-қон тақырыбы әр кезеңде әртүрлі көзқараспен зерттелген. Кеңестік тарихнамада мәселе көбіне «шекаралық қауіпсіздік», «кеңес-қытай қарым-қатынастары» және «отарлық саясат» шеңберінде қарастырылды. Сол кезеңдегі зерттеулерде жергілікті халықтардың тарихи-этникалық тағдыры екінші кезекке ығыстырылды. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақстандық тарихнама, керісінше, мәселені деректердің бай жаңа қабатын ғылыми айналымға қосу, жаңа әдіс - тәсілдерді пайдалану арқылы жаңа тұжырымдар мен гипотезаларды қалыптастырды. Бұл еңбектерде көші-қонның этнодемографиялық салдары, қоғамның әлеуметтік құрылымындағы өзгерістер, Қазақстандағы ұлттық бірегейлікті сақтаудағы тарихи рөлі кеңінен талданды.

Шетелдік ғалымдардың еңбектері де мәселені халықаралық тарих контекстінде зерттеуге үлес қосты. Олардың еңбектерінде Ресей империясы мен Қытайдың Орта Азиядағы саясаты, аймақтық көші-қон қозғалыстарының геосаяси сипаты қарастырылады. Бұл тұрғыдан алғанда, отандық және шетелдік тарихнаманың салыстырмалы талдауы тарихи үдерісті объективті түсінуге жол ашады.

Қорытындылай келгенде, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдағы Қытайдан Қазақстанға қоныс аудару жергілікті халықтардың этникалық тарихында шешуші рөл атқарған құбылыс болды. Бұл көші-қонның деректік негізін жүйелі түрде зерттеу, тарихнамалық тәжірибелерді сын тұрғысынан сараптау – қазіргі тарих ғылымының алдағы кезеңдердегі басты міндеттерінің бірі болып қала береді. Өйткені, бұл мәселе тек этникалық немесе демографиялық қозғалыс тарихы ғана емес, сонымен қатар халықтың тағдыры мен тарихи жадында терең із қалдырған құбылыс болып табылады.

Әдебиет:

Benson, Svanberg, 1997 – *Linda Benson, Ingvar Svanberg*. China's Last Nomads: History and Culture of China's Kazaks (Studies on Modern China), - 1997., 278 с.

Brophy, 2016 – *Brophy David*. Uyghur Nation. Reform and Revolution on the Russian-China Frontier. – Cambridge MA – London Eng.: Harvard University Press, 2016. – 347 с.

Hamid Rasool, 2020 – *Hamid Rasool*. New Dynamics of Migration between China and Kazakhstan: Trends, Socio-Economics Consequences and Approaches. 2020.- https://www.researchgate.net/publication/387723003_New_Dynamics_of_Migration_between_China_and_Kazakhstan_Trends_Socio-Economics_Consequences_and_Approaches

Millward, 2021 – *Millward James A*. A History of Xinjiang, Revised and Updated, Revised and Updated Edition,- Columbia University Press,- 2021,- 520 с.

Абдусемятов, 1921 – *Абдусемятов Н*. Таранчи түркләриниң тарихи. Верный, 1922. 47 ЛЛ.

Аристов, 1873 – *Аристов Н*. Наши отношения к дунганам, Кашгару и Кульдже. Материалы для статистики Туркестанского края СПб, 1873 г., вып. 2

Аристов, 1897 – *Аристов Н.А.* Записки об этническом составе тюркских племен и народностей. Сведения об их численности. — СПб: Живая старина, 1897. — Вып. III–IV. — С. 168.

Баранова, 1959 – *Баранова Ю.Г.* К вопросу о переселении мусульманского населения из Илийского края в Семиречье в 1881–1883 гг. / Ю.Г. Баранова // Труды сектора востоковедения. Т. 1. Алма-Ата. 1959. С. 49–50.

Баранова, Жандосов, 2006 – *Баранова Ю.Г., Жандосов А.У.* О вынужденной миграции и переходе в российское подданство различных групп мусульманского населения Кульджинского края Синцзяна // «Туған өлке», N1(6), 2006, С. 70-85.

Батырбаев, Кожирова, 2025 – *Батырбаев К.М., Кожирова С.Б.* Факторы и мотивы китайской миграции в Казахстан: результаты социологического опроса // Қазақстан шығыстануы. 2025. № 2. Т. 14. С. 88–104.

Васильев, Асанова, 2023 – *Васильев Д.В., Асанова С.А.* Приют для страждущих: миграция из Синцзяна в Россию в 1860–1880-х гг. // Вестник Российского университета дружбы народов. Серия: История России. 2023. Т. 22. № 1. С. 34–46.

Гуревич, 1983 – *Гуревич Б.П.* Международные отношения в Центральной Азии в XVII – перв. пол. XIX вв. М.: Главная редакция восточной литературы, 1983

Дмитриева, 2002 – *Дмитриева Л.В.* Каталог тюркских рукописей Института востоковедения Российской академии наук, М.: Вост. Лит., 2002. 616 с.

Идоятов, 1978 – *Идоятов А.* Национально-освободительное движение Илийских уйгуров XIX века // Переселение илийских уйгуров в Семиречье., Алматы, 1978, 108 с.

Кабиров, 1949 – *Кабиров М.Н.* Переселение илийских уйгур в Семиречье. Автореф. дисс... канд. ист. наук. Алма-Аты, 1949

Кабиров, 1951 – *Кабиров М.Н.* Переселение илийских уйгуров в Семиречье. Алма-Ата: Наука, 1951. 154 с

Камалов, 2021 – *Камалов А. К.* Миграция 1950-1970-гг. из Китая в Казахстан: факторы и основные этапы // Отан тарихы №3 (95) 2021. – С. 144-152.

Камалов, 2022 – Устная история миграции 1950-1970 гг. из Китая в Казахстан. Ответ. ред. А.К. Камалов. Алматы: ИД «Мир», 2022. – 252 с.

Касим бек, Ш.4018 – *Касим бек.* Гулжанин вакиятларинин баяни // Рукопись Санкт-Петербургского филиала ИВ РАН. Шифр В 4018.

Каший, Ш. С1929 – *Сайид Мухаммад Каший.* Шархи шикаста наме // Рукопись Санкт-Петербургского филиала ИВ РАН. Шифр С 1929

Кларк, Камалов, 2004 – *Clark W., Kamalov A.* Uighur migration across Central Asian frontiers // Central Asian Survey. #23(2). 2004. 167-182 pp.

Кожирова, 2004 – *Кожирова С.Б.* Миграция народов Центральной Азии: историко-политологический анализ. Алматы: Қазақ университеті, 2004. 368 с.

Кожирова, 2005 – *Кожирова С.Б.* Международная миграция и национальная политика: переселение казахов из Китая в 1950–1960-е годы // Отан тарихы. 2005. № 3. С. 55–67.

Кожирова, 2012 – *Кожирова С.Б.* Миграция и этнические процессы в Казахстане: уроки истории // Қазақ тарихы. 2012. № 5. С. 12–20.

Мендикулова, Атантаева, 2008 – *Мендикулова Г.М., Атантаева Б.Ж.* История миграций между Казахстаном и Китаем в 1860-1960-е гг. Алматы: изд-во “Са-га”, 2008. 232 с

Мугинов, 1962 – *Мугинов А.М.* Описание уйгурских рукописей Инс-та народов Азии. – М.: Изд-во вост. лит, 1962. – 207 с.

Румянцева, 1914 – *Румянцев П.П.* Материалы по обследованию туземного и русского старожильческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области. — СПб, 1914. — Т. V. Таранчи.

Садовская, 2001 – *Садовская Е.Ю.* Миграции в Казахстане на рубеже XXI века: новые тенденции и перспективы. - Алматы: Ғылым, 2001. - 236 с.

Садовская, 2008 – Садовская Е.Ю. Китайская миграция в Казахстане: причины, основные тенденции и перспективы. Центральная Азия и Кавказ (1), 55. <https://cyberleninka.ru/article/n/kitayskaya-migratsiya-v-kazahstane-prichiny-osnovnyie-tendentsii-i-perspektivy>

Сайрамы, 1989 – Мұса Сайрамы. Тарих-и амнийа. Үрүмчи: Милләтләр нәшрияти, 1989. – 434 б.

Селицкий, 1905 – Селицкий И. Кульджинские переселенцы пограничной с Китаем полосы (Экономическо-этнографические очерки и бытовая жизнь джаркентских таранчей и дунган). Казань: Типография Императорского университета, 1905.

Тұрғынов 1950 – Тургунов М.К. Переселение уйгуров-таранчей из Китая в Семиречье и последующее их землеустройство. Автореф. дисс...канд. ист. наук. Ленинград. 1950. 19 с.

Федоров, 1903 – Федоров Д. Опыт военно-статистического описания Илийского края / Сост. Ген. штаба подполк. Д. Федоровым ; Под ред. Ген. штаба ген.-майора Тихменева. - Ташкент : Штаб Туркест. воен. округа, 1903.

References:

(Benson, Svanberg, 1997) - Linda Benson, Ingvar Svanberg, China's Last Nomads: History and Culture of China's Kazaks (Studies on Modern China), - 1997., 278 с.

Abdusəmyatov, 1921 - Abdusmyatov N. Taranchi türklerinin tarixi. –Wərnıy, - 1922. – 47 LL.

Aristov, 1873 - Aristov N. Nashi otnosheniya k dunganam, Kashgaru i Kul'dzhē. Matēriali dlya statistiki Turkēstanskogo kraja SPb, 1873 g., wip. 2

Aristov, 1897 - Aristov N.A. Zapiski ob ētnichēskom sostawē tyurkskix plēmēn i narodnostēy. Swēdēniya ob ix chislēnnosti. — SPb: Zhiwaya starina, 1897. — Wip. III–IV. — S. 168.

Baranova, 1959 - Baranova Yu.G. K woprosu o pērēsēlēnii musul'manskogo nasēlēniya iz Iliyskogo kraja w Sēmirēch'ē w 1881-1883 gg. / Yu.G. Baranowa // Trudi sēktora wostokowēdēniya. T. 1. – Alma-Ata. – 1959. – S. 49-50.

Baranova, Zhandosow, 2006 - Baranova Yu.G., Zhandosov A.U., O winuzhdēnnoy migracii i pērēxodē w rossiyskoē poddanstwo razlichnix grupp musul'manskogo nasēlēniya Kul'dzhinskogo kraja Sinczyana // «Tughan ölkē», N1(6), 2006, S. 70-85.

Batirbaēv, Kozhirova, 2025: - Batirbaēv K.M., Kozhirova S.B. Faktori i motiwi kitayskoy migracii w Kazaxstan: rēzul'tati sociologichēskogo oprosa. // «Qazaqstan shighistanui» ghilimi zhurnali No2, tom 14, 2025, s.88-104.

Brophy, 2016 - Brophy David. Uyghur Nation. Reform and Revolution on the Russian-China Frontier. – Cambridge MA – London Eng.: Harvard University Press, 2016. – 347 s.

Dmitriēva, 2002 - Dmitriēva L.W., Katalog tyurkskix rukopisēy Instituta wostokowēdēniya Rossiyskoy akadēmii nauk, - M.: Wost. Lit., 2002. – 616 s.

Fēdorov, 1903 - Fēdorov D. Opit woēnno-statistichēskogo opisaniya Iliyskogo kraja / Sost. Gēn. shtaba podpolk. D. Fēdorowim ; Pod rēd. Gēn. shtaba gēn.-mayora Tixmēnēwa. - Tashkēnt : Shtab Turkēst. woēn. okruga, 1903.

Gurēvich, 1983 - Gurēvich B.P. Mēzhdunarodniē otnoshēniya w Cēntral'noy Azii w XVII – pēr. pol. XIX ww. – M.: Glawnaya rēdakciya wostochnoy litēraturi, 1983

Hamid Rasool, 2020 - Hamid Rasool, New Dynamics of Migration between China and Kazakhstan: Trends, Socio-Economics Consequences and Approaches. // - 2020.- https://www.researchgate.net/publication/387723003_New_Dynamics_of_Migration_between_China_and_Kazakhstan_Trends_Socio-Economics_Consequences_and_Approaches

Idoyatov, 1978 - Idoyatov A. Nacional'no-oswoboditēl'noē dwizhēniē Iliyskix uyurow XIX wēkē // Pērēsēlēniē iliyskix uyurow w Sēmirēch'ē., Almati, - 1978, - 108 s.

Kabirov, 1949 - Kabirov M.N. Pērēsēlēniē iliyskix uyurow w Sēmirēch'ē. Awtorēf. diss...kand. ist. nauk. Alma-Ati, 1949

- Kabirov, 1951 - Kabirov M.N. Përësëlënië iliyskix uyurow w Sëmirëch'ë. Alma-Ata: Nauka, 1951. 154 c
- Kamalov, 2021 - Kamalov A. K. Migraciya 1950-1970-gg. iz Kitaya w Kazaxstan: faktori i osnovnië ètapi // Otan tarixi №3 (95) 2021. – S. 144-152.
- Kamalov, 2022 - Ustnaya istoriya migracii 1950-1970 gg. iz Kitaya w Kazaxstan. Otvet. red. A.K. Kamalov. Almati: ID «Mir», 2022. – 252 s.
- Kashiy, Sh. S1929 - Sayid Muxammad Kashiy. Sharxi shikasta namë // Rukopis' Sankt-Pëtërburgskogo filiala IW RAN. Shifr S 1929
- Kasim bëk, Sh.4018 - Kasim bëk. Gulzhanin wakiatlarinin bayani // Rukopis' Sankt-Pëtërburgskogo filiala IW RAN. Shifr W 4018.
- Klark, Kamalov, 2004 - Clark W., Kamalov A. Uighur migration across Central Asian frontiers // Central Asian Survey. #23(2). 2004. 167-182 rr.
- Kozhirova, 2004 - Kozhirova S. B. Migraciya narodow Cënt'al'noy Azii: istoriko-politologichëskiy analiz. – Almati: Qazaq uniwersitëti, 2004. – 368 s.
- Kozhirova, 2005 - Kozhirova S. B. «Mëzhdu narodnaya migraciya i nacional'naya politika: përesëlënië kazaxow iz Kitaya w 1950–1960-ë godi» // Otan tarixi. – 2005. – № 3. – S. 55–67.
- Kozhirova, 2012 - Kozhirova S. B. «Migraciya i ètnichëskie procëssi w Kazaxstanë: uroki istorii» // Qazaq tarixi. – 2012. – № 5. – S. 12–20.
- Mëndikulova, Atantaëva, 2008 - Mëndikulova G.M., Atantaëva B.Zh. Istoriya migraciy mëzhdu Kazaxstanom i Kitaëm w 1860-1960-ë gg. Almati: izd-wo “Sa-ga”, 2008. 232 s
- Millward, 2021 - Millward James A. A History of Xinjiang, Revised and Updated, Revised and Updated Edition,- Columbia University Press,- 2021,- 520 c.
- Muginov, 1962 - Muginov A.M. Opisanië uyurowskix rukopisëy Ins-ta narodow Azii. – M.: Izd-wo wost. lit, 1962. – 207 s.
- Rumyancëv, 1914 - Rumyancëv P.P. Matëriali po obslëdowaniju tuzëmnogo i russkogo starozhil'chëskogo xozyaystwa i zëmlëpol'zowanija w Sëmirëchënskoy oblasti. — SPb, 1914. — T. V. Taranchi.
- Sadowskaya, 2001 - Sadowskaya È.Yu. Migracii w Kazaxstanë na rubëzhë XXI wëka: nowie tendëncii i përspëktiwi. - Almati: Ghilim, 2001. - 236 s.
- Sadowskaya, 2008 - Sadowskaya È.Yu. Kitayskaya migraciya w Kazaxstanë: prichini, osnovnië tendëncii i përspëktiwi. Cënt'al'naya Aziya i Kawkaz (1), 55. <https://cyberleninka.ru/article/n/kitayskaya-migratsiya-v-kazahstane-prichiny-osnovnye-tendentsii-i-perspektivy>
- Sayrami, 1989 - Mұsa Sayrami. Tarix-i amniya. – Ürümchi: Milletler neshriyati, 1989. – 434 b.
- Sëlickiy, 1905 - Sëlickiy I. Kul'dzhinskië përesëlënci pogramichnoy s Kitaëm polosi (Èkonomichësko-ètnografichëskie ochërki i bitowaya zhizn' dzharkëntskix taranchëy i dungan). — Kazan': Tipografiya Impëratorskogo uniwersitëta, 1905.
- Tyrghinov 1950 - Turgunov M.K. Përesëlënië uyurow-taranchëy iz Kitaya w Sëmirëch'ë i poslëduyushëë ix zëmlëustroystwo. Awtorëf. diss...kand. ist. nauk. Lëningrad. 1950. 19 c.
- Vasil'ëv, Asanova, 2023 - Wasil'ëv D.W., Asanova S.A. Priyut dlya strazhdushix: migraciya iz Sin'czyana w Rossiyu w 1860–1880-x gg. // Wëstnik Rossiyskogo uniwersitëta družbi narodow. Sëriya: Istoriya Rossii. 2023. T. 22. № 1. S. 34–46.

¹Каримова З.К. ²Алтынбек А.А.

^{1,2} МНВО РК, Университет «Туран», Алматы Казахстан,
E-mail: ¹ z.karimova@turan-edu.kz, ² a.altynbek@turan-edu.kz

**МИГРАЦИЯ ИЗ КИТАЯ В КАЗАХСТАН В КОНЦЕ XIX И XX ВЕКОВ:
ИСТОЧНИКОВЕДЧЕСКИЙ И ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ**

Аннотация. Проблема миграции всегда оставалась актуальной в исторических исследованиях, поскольку перемещение больших групп людей напрямую затрагивает политические и экономические основы государств. История миграции из Китая в Казахстан охватывает почти полтора столетия и является одной из ключевых тем в изучении этнодемографических процессов в Центральной Азии. В то же время общеизвестно, что история региональных и трансрегиональных миграционных процессов народов, населяющих Центральную Азию, уходит далеко в прошлое. В данной статье анализируются исследования, посвященные миграционным процессам, начавшимся после колонизации территорий Казахстана и Восточного Туркестана Российской и Цинской империями, последующего установления границ и продолжающимся по настоящее время. Изучение миграционных процессов особенно важно в контексте современных трансграничных взаимодействий, формирования этнического ландшафта региона и политических стратегий Казахстана и Китая. Кроме того, история миграции из Китая в Казахстан остается актуальной темой в изучении этнодемографических и культурных процессов в Центральной Азии. Миграционные потоки XIX–XX веков оказали существенное влияние на этнический состав, социальную структуру и межэтнические отношения региона. Источниковедческий и историографический анализ позволяет не только выявить фактическую сторону этих процессов, но и проследить их интерпретацию в различные исторические периоды.

Благодарность: Статья подготовлена в рамках реализации научного проекта ИИН АП19679244 «Миграционный фактор в казахско-китайских отношениях», финансируемого Министерством образования и науки Республики Казахстан.

Ключевые слова: Центральная Азия, Казахстан, Китай, Российская империя, миграционный процесс империи Цин, источниковедение, историография.

¹ Karimova Z.K. ²Altynbek A.A.

^{1 2} Turan University, Almaty, Kazakhstan,

E-mail: ¹ z.karimova@turan-edu.kz, ² a.altynbek@turan-edu.kz

MIGRATION FROM CHINA TO KAZAKHSTAN IN THE LATE XIX TH AND XX TH CENTURIES: A SOURCE-BASED AND HISTORIOGRAPHICAL ANALYSIS

Abstract. The problem of migration has always remained relevant in historical research, since the movement of large groups of people directly affects the political and economic foundations of states. The history of migration from China to Kazakhstan covers almost one and a half centuries and is one of the key topics in the study of ethnodemographic processes in Central Asia. At the same time, it is well known that the history of regional and transregional migration processes of the peoples inhabiting Central Asia goes far back into the past. This article analyzes studies devoted to migration processes that began after the colonization of the territories of Kazakhstan and East Turkestan by the Russian and Qing empires, the subsequent establishment of borders and continuing to the present day. The study of migration processes is especially important in the context of modern cross-border interactions, the formation of the ethnic landscape of the region and the political strategies of Kazakhstan and China. In addition, the history of migration from China to Kazakhstan remains a relevant topic in the study of ethnodemographic and cultural processes in Central Asia. Migration flows of the 19th–20th centuries had a significant impact on the ethnic composition, social structure and interethnic relations of the region. A source-based and historiographical analysis allows not only to identify the factual side of these processes, but also to trace their interpretation in various historical periods.

Acknowledgment: The article was prepared as part of the implementation of the scientific

project IIN AP19679244 “Migration factor in Kazakh-Chinese relations”, funded by the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan.

Keywords: Central Asia, Kazakhstan, China, Russian Empire, Qing Empire migration process, source studies, historiography.

Авторлар туралы мәлімет:

Каримова Зульфиям Каримовна – тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, «Тұран» университеті, (Қазақстан, Алматы қ., e-mail: z.karimova@turan-edu.kz)

Алтынбек Айгерім Асылханқызы – сениор-лектор, «Тұран» университеті, (Қазақстан, Алматы қ., a.altynbek@turan-edu.kz)

Сведения об авторах:

Каримова Зульфиям Каримовна, кандидат исторических наук, ассоциированный профессор, университет «Туран», Алматы, Казахстан.

Алтынбек Айгерим Асылхановна, старший преподаватель, университет «Туран», Алматы, Казахстан.

Information about authors:

Karimova Zulfiam, candidate of historical sciences, associate professor «Turan» University, Almaty, Kazakhstan.

Altynbek Aygerim, Senior lecturer, «Turan» University, Almaty, Kazakhstan.